



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

айтылды. Әрине, мәселе үлкен назар аударарлықтай, дегенмен, оның екіжақты форматта немесе үшжақты негізде (Ресейдің қатысуымен) шешілгені дұрыс.

Сонымен қатар, Қытай трансшекаралық өзендер мәселесін екіжақты (Ресеймен) немесе үшжақты форматта (ШҰҰ шеңберінде) талқылауға келіспейтіндігі анық. Өйткені, Қытай Үкіметі Қазақстанның ресейлік тарапты келіссөздер үрдісіне қосу ұсынысына әрдайым бұл келіссөздерді екіжақты форматта өткізуді қалайтынын жариялап отырды. Бүгінгі таңда барлық іс-әрекеттер қолданылып қойды, енді тек Қытай тарапының «қайырымды үлесіне» үміттену қажет [6].

Қорыта келе, адамзат дамуының көзі болып табылатын су мәселесі бүгінгі таңда мемлекеттер мүдделерінің қақтығысын туғызып отыр. Экономикалық пайда көзін іздеп, трансшекаралық өзен суларын пайдалануда табиғи тепе-теңдік сақталмайтын болса, өте өзекті экологиялық мәселені тудырады. Сондықтан бұл мәселеде Ертіс, Іле суларын ортақ пайдаланатын мемлекеттердің парасатты шешім табу талпынысына жүгінеміз. Кез келген халықаралық, өзара тиімділік, өзара ыңғайға көнушілік негізінде бейбіт жолмен шешкен абзал.

Қолданылған әдебиеттер

1. Токаев К. Откуда взялись эти спорные участки // Новое поколение. - 1999. - № 10. - 12 марта.
2. Сыроежкин К.Л. Казахстан-Китай: от приграничной торговли к стратегическому партнерству. Книга 1. В начале пути. Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК. Алматы, 2010, С. 113.
3. Wenwen Shen. China and its Neighbours: troubled relations. EU-Asia Centre. March, 2012. // http://www.eu-asiacentre.eu/pub_details.php?pub_id=46
4. Президент Н. Назарбаевтың Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзян Цзэминьге Жолдауы (31.03.1999 ж.) // Дипломатия жаршысы. – 1999. - №2. – 13 б.
5. Изимов Р.Ю. Проблемы трансграничных рек В контексте казахстанскокитайских отношений. – 2013. // http://cc-sauran.kz/rubriki/politika/39-rivers_rk_knr.html
6. Сыроежкин К.Л. Проблема трансграничных рек относится к разряду неразрешимых. – 2015. // <http://m.365info.kz/2015/02/konstantin-syroezhkin-problema-transgranichnyx-rek-otnositsya-k-razryadu-nerazreshimyx/>

ӘОЖ 327 (574:061.1ЕС)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ

Усембаева Меруерт Кайратовна

zhakupova_meruert@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Халықаралық қатынастар» факультеті»

Аймақтану кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Букешова Г.Қ.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін әлемдегі саяси және экономикалық қатынастардың дербес субъектісі бола бастады. Бұл елдің сыртқы саяси қызметінің басымдықтарын анықтау қажеттілігін туғызды. Қазақстан Республикасының Президенті сыртқы саясаттың негізгі векторлары мен басымдықтарын айқындайды және мұндай векторлардың бірі болып Қазақстан – Еуропалық Одақ линиясы бойынша екіжақты өзара әрекеті саналатыны сөзсіз.

Бүгінгі әлемдік экономикалық дамуды жаңа саяси ақиқат – Еуропалық одақ елдерінсіз көзге елестету қиын. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың күш-жігері арқасында Қазақстан мен

Еуропалық Одақ арасындағы өзара тиімді қарым-қатынастар қанатын кеңге жайып келеді. Бүгінгі таңда Еуропалық Одақ – Қазақстанның ең негізгі саяси және экономикалық әріптестерінің бірі болып табылады. Екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастар 1993 ж. 2 ақпанда орнатылып, содан бері, міне, 20 жылдан астам уақыт бойы нәтижелі дамып келе жатыр.

Біздің елдеріміздің арасындағы саясат, қауіпсіздік, қорғаныс салаларындағы ынтымақтастық биік деңгейге жетті. Қазақстан Еуропалық Одақтың Орта Азиядағы негізгі және маңызды әріптесіне айналды. Еуропалық Одақ елдерінде Қазақстан тұрақтылықтың белгісі сонымен бірге, Шығыс пен Батысты байланыстырушы көпір ретінде мойындалып отыр.

Еуропалық Одақ елдері мен Қазақстан арасындағы сауда-экономикалық байланыстар жыл сайын дамып, жаңа сапалық сатыға көтеріліп келеді. Еуропалық Одақ Ресей мен Қытайды артта қалдырып, Қазақстанның негізгі сауда және инвестициялық әріптесіне айналды.

Қазақстандық сыртқы сауда айналымының жартысынан көбі және Қазақстан экономикасында жиналған шетел капиталының 49%-ы Еуропалық Одақ үлесіне келеді. Қазақстанның Еуропалық Одақ елдерімен сыртқы сауда айналымы 2013 ж. қорытындысы бойынша 53,4 млрд. АҚШ долларын, 2014 ж. қаңтар-маусым аралығында 28,4 млрд. АҚШ долларын құрады (импорт – 4,1 млрд. АҚШ доллары, экспорт – 24,3 млрд. АҚШ доллары).

Қазақстан тәуелсіздігін алған жылдардан бастап 2014 ж. 1-ші тоқсанына дейін Еуропалық Одақ елдерінен Қазақстан экономикасына келген тікелей инвестициялардың жалпы түсімі 92,7 млрд. АҚШ долларын құрады (барлық тартылған 189,7 млрд. АҚШ долларының ішінде). Негізгі инвесторлар Нидерланды, Ұлыбритания, Италия және Франция мемлекеттері болып табылады. Еуропалық Одақ бүгінгі күні өз инвестициясын Қазақстанның газ, мұнай, көмір, металл және уран өндіру салаларына салып отыр [1].

Қазіргі кездегі Қазақстанның экономикалық әлеуетіне тоқталатын болсақ, Қазақстан ЖІӨ көлемі бойынша 46 еуропалық мемлекеттің ішінде 23-ші орынды алып отыр. ХВҚ мәліметі бойынша Қазақстан 2015 ж. ЖІӨ көлемі бойынша Украина, Венгрияны басып озып, Португалия, Финляндия, Ирландия және Румыния сияқты мемлекеттердің қатарына жақындайды [2].

Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы сауда-экономикалық қатынастар Әріптестік және ынтымақтастық туралы келісіммен (1999 ж.) негізделеді. Бұл келісім бойынша тараптар сауда тарифтеріне қатысты барынша жеңілдіктер жасап, екіжақты саудада сандық кедергілерді жоюға мүдделі.

Қазақстан Еуропалық Одақтың сенімді және жауапты энергетикалық әріптесі ретінде орнықты. Қазақстан Ресей және Норвегиядан кейінгі ОПЕК-ке мүше емес елдер ішіндегі Еуропаға энергия тасымалдаушылардың үшінші ірі өнім берушісі болып табылады. Еуропаның бірнеше елдерінде қазақстандық мұнай тасымалының үлесі айтарлықтай жоғары. Мысалы Австрияда ол 25%, Румынияда 30%-ды құрайды. Қазақстан Германияға көлемі бойынша 4-ші энергия ресурстарын тасымалдаушы болып табылады. Қазақстан Еуропалық Одақпен стратегиялық энергиялық диалогты одан әрі нығайтуға мүдделі, оның құқықтық негізі Энергетика саласындағы өзара түсіністік туралы меморандум және Ядролық энергияны бейбіт мақсаттарда пайдалану жөніндегі ынтымақтастық туралы келісім болып табылады.

Еуропалық Одақ үшін Қазақстан Түркия және Мексика сияқты елдермен бір деңгейде тұр. Еуропадағы ұшақтарды жасауға пайдаланылатын барлық титанның 50 пайызы бір Қазақстаннан алынады, ал, Германия және Австрияда пайдаланылатын жалпы бензиннің әрбір үшінші литрі Қазақстанда өндіріледі.

Қазақстан Еуропа елдерімен тек экономика саласында ғана емес сонымен бірге саясат пен қауіпсіздік, экология, демократия мен адам құқықтары саласында Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық атты беделді ұйым шеңберінде ынтымақтастықта жұмыс істеуде. Тіптен осы беделді ұйымға Қазақстан 2010 жылы төрағалық етті. Қазақстан

төрағалық еткен мерзімде ЕҚЫҰ көлемінде шешетін мәселелері де аз болмады [3]. Олардың қатарына есірткі құралдары мен адам саудасына қарсы күрестің тетіктерін жетілдіру; шекаралардан өткізу бекеттерінде тиісті басқаруды енгізу; қауіпсіз және ұтымды жер үсті көлігін дамыту; көші-қон және энергетикалық қауіпсіздік мәселелері; экологиялық қауіп-қатерлерді мониторингілеу мен оларға үнқатудың кешенді жүйесін құру; ЕҚЫҰ-ның Ауғанстанға арналған стратегиясын жұмылдыру; ЕҚЫҰ-ға мүше елдердің аумақтарын бойлай ауған шекарасын нығайту, трансшекаралық саудаға қолдау көрсету және ауғандық құқық қорғау органдарын нығайту сияқты мәселелер жатады. Бірқатар мәселелер бойынша конференциялар мен семинарлар өткізілді. Таулы Карабахтағы, Днестр жағалауы мен Ауғанстандағы, Қырғызстандағы қақтығыстарды реттеу мен бейбітшілікті нығайту мәселелері бойынша консультациялар белсенді түрде өткізіліп тұрды [4].

Бүгінде Қазақстан Еуропалық Одақтың Орталық Азияға арналған мемлекеттік бағдарламалары мен жобаларына белсенді ат салысып отыр. ТРАСЕКА – Қара теңіз аймағы, Кавказ және Орталық Азияның саяси және экономикалық дамуын халықаралық тасымалдау жүйесі арқылы арттыру. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаттарының бірі – аймақтағы сауданы дамыту, халықаралық транспорттық дәліз «ТРАСЕКА»-ны Транс-еуропалық транспорттық жүйеге (TENs) интеграциялау.

ИНОГЕЙТ (1995 ж.) – энергетика саласындағы инфраструктураны құруға және Каспий теңізі, Қара теңіз арқылы Еуропаға энергоресурстарды тасымалдауға бағытталған бағдарлама. Негізгі мақсаты – энергетикалық нарықтарды жақындастыру, энергетикалық қауіпсіздікті нығайту және энергетикалық жобаларға инвестиция тарту.

ТАСИС бағдарламасы аясында Еуропалық Одақ республикадағы жекешелендіру саясатын жүзеге асыруға, кәсіпорындарды дамытуға, кіші және орта кәсіпорындарды жаңғыртуға, қаржы құрылымдарын жетілдіруге көмек беріп, қазақстандық экономиканы қайта құруға өз үлесін қосты.

ТЕМПУС және Erasmus Mundus – білім және ғылым саласындағы еуропалық бағдарлама. Бұл бағдарлама ұстаздар мен ғылыми қызметкерлердің мобильділігін жүзеге асыруға бағытталған.

Қазақстан тарапынан, 2008 ж. Елбасының «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Жолдауы негізінде 2009-2011 жж. арналған «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасы әзірленді.

Бұл бағдарлама Еуропаның жетекші елдерімен стратегиялық серіктестік орнату деңгейін көтеруге бағытталды. Басқаша айтқанда, Еуропа елдерімен тауар айналымын арттыру, көліктік қатынастарды дамыту, жаңа технологияны еуропалық стандарттарға сәйкестендіру, отандық және еуропалық нормаларды жетілдіру, халықтың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету, ұлттық және мемлекеттік ой-сананы әлемдік деңгейге көтеру мақсатын көздейді [5].

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев бастамасымен 2009 ж. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» сауда магистралін салу қолға алынды. Батыс пен Шығысты жалғастыратын бұл сауда магистралі «Ұлы Жібек жолын» бес ғасыр өткен соң қайта жаңғыртуды Елбасы өзі ұсынған еді. Нәтижесінде көрші мемлекеттермен бірқатар меморандумдар қабылданып, жобаны жүзеге асыру туралы келісімге қол жеткізілді.

Бұл жоба Қазақстан үшін еліміздің транзиттік әлеуетін іске асырумен қатар республикамыздың оңтүстігі мен батыс өңірлерінің бір-бірімен сенімді көлік байланысын орнату үшін де тартымды.

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізі бұл Қытайдан Еуропаға тауар тасымалдаудың ең қысқа жолы. Бұл қашықтықты аталған көлік дәлізімен жүріп өтуге 10 күн кетеді, ал теміржол арқылы жүріп өтуге 15 күн жұмсалатын болса, теңіз арқылы аталған қашықтықты жүріп өтуге бір жарым ай уақыт кетеді [6].

Еуропалық Одақ пен Қазақстан 1995 ж. қол қойылып, 1999 ж. күшіне енген Әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімді алмастыратын жаңа құжатқа қол қою қарсаңында тұр. Бұл жаңа келісім туралы келіссөздер 2011 ж. басталып, Қазақстан Республикасының

Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 ж. 9 қазанда Брюссельге іс-сапары кезінде аяқталды. Бұл іс-сапар барысында Н.Ә.Назарбаев пен Еуропалық Коммисия Төрағасы Ж.М.Баррозу Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы кеңейтілген Әріптестік пен Ынтымақтастық туралы келісім бойынша келіссөздердің аяқталуы туралы құжатқа қол қойды [7].

Бұл жаңа келісім Еуропалық Одақ пен Қазақстан арасындағы саяси және экономикалық қарым-қатынастың нығаюына, қызмет көрсету мен инвестиция бойынша байланыстардың артуына әсер етеді. Жаңа құжат 280 беттен тұрады және ынтымақтастықтың 29 саласын қамтиды. Олардың қатарында экономика, сауда және инвестициялардан басқа саяси диалог, гуманитарлық ынтымақтастық, әділет және қауіпсіздік, зерттеулер мен инновациялар, визалық жүйе туралы бөлімдер бар. Сол сияқты аталмыш құжаттың Сауда және инвестиция бөлімінде Қазақстанның ДСҰ-на кіру перспективасы да қаралды. Қазақстан Орталық Азия мемлекеттері ішінде мұндай құжатқа қол қою туралы келіссөздер жүргізіп жатқан жалғыз мемлекет [8].

Қорыта айтқанда, Қазақстанның сыртқы саясатындағы басымдықтарының бірі – ХХІ ғ. қауіп-қатерлеріне төтеп бере алатын және ұлттық мүдделерді қамтамасыз ететін белсенді, көпжақты, теңдестірілген саясат ұстану. Бұл «Қазақстан Республикасының 2014-2020 жж. арналған сыртқы саяси концепциясында» да көрініс тапты.

Бұл концепция Қазақстан келешекте әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттерімен ынтымақтастықты нығайтуға, өзінің экономикалық дамуын арттыру үшін халықаралық саяси, әскери және экономикалық ұйымдарға белсенді ат салысуға талпынысын көрсетеді.

Қазақстан сыртқы саясатында Еуропалық Одақ маңызды орынға ие. Еуропалық Одақ – Қазақстанның коммерциялық серіктесі, қазақстандық энергоресурстардың ең ірі тасымалдаушысы. Қазақстан болса Еуропалық Одақ үшін Орталық Азия аймағындағы көшбасшы мемлекет болып табылады.

Тараптар арасындағы екіжақты қарым-қатынастың келешекте одан әрі нығая түсуіне еш күмән келтірілмейді. Бұған көптеген маңызды мемлекеттік жобалар, бағдарламалар және екіжақты келісімдер себеп.

Қазақстан қазіргі таңда Ресей және Беларусьпен (2 қаңтар 2015ж. Армения қосылды) қатар Еуразиялық экономикалық Одақ құрып отыр. Мұндай интеграциялық ұйым көрінісі – заман талабы. Бірақ бұл ұйымға мүше болу Қазақстанның Еуропалық Одақпен ынтымақтастығына еш кедергі келтірмейді. Тіпті еуразиялық интеграция шеңберінде Еуропалық Одақ тәжірибесін ескерген жөн.

Қазақстан өзінің сыртқы саяси серіктестірінің ішінде баланс пен тепе-теңдікті сақтауға ұмтылады. Қазіргі халықаралық аренадағы тұрақсыз жағдай, Украинадағы уақиғалар, Ресейдің халықаралық оқшаулануы, мұның бәрі әлемдегі геосаяси жағдайға қалай әсер ететіні әлі белгісіз. Бірақ Ресей мен Қазақстан арасындағы стратегиялық әріптестік келешекте де жалғасын таппақ. Бұл тарихпен, география, экономикалық сұрақтармен және тағы да басқа факторлармен айқындалады. Ал Еуропалық Одақ болса, Қазақстан үшін көп векторлы саясат шеңберінде, ең маңызды геосаяси және геэкономикалық алпауыттардың бірі болып қала бермек.

Қолданылған әдебиеттер

1. Еуропа Одағымен қатынастар // 19 қараша, 2014 ж. <<http://mf.gov.kz/index.php/kz/aza-stanny-syrt-y-sayasaty/aza-stanny-yntyma-tasty-y/europa-oda-y-men-atynastar>>
2. М. Ш. Губайдуллина. Приоритеты и перспективы сотрудничества Европейского союза и Казахстана: критический аспект // Вестник КазНУ, Алматы, 2011 <<http://articlekz.com/article/7865>>
3. Досан Баймолда. Еуропалық Одақ және Қазақстан: бүгінгі жағдайы және болашағы // <<http://e-history.kz/kz/contents/view/1293>>
4. Ширин Акинер. Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық Ұйымына төрағалығы: баға және пікірлер // Дипломатия жаршысы, №5, 2010, 80-81 б.

5. «Еуропаға жол» - өркениет жолы // <<http://e-history.kz/contents/view/828>>
6. Ермек Сахариев. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» магистралін қайта салу қолға алынды // 25 қазан 2012 http://kazakzaman.kz/kz/newsDetail_getNewsById.action?newsId=55758
7. К.И. Байзакова, Е. Каракулов. Перспективы развития сотрудничества Казахстана и Европейского Союза в контексте нового Соглашения о сотрудничестве // <http://pps.kaznu.kz/2/Main/FileShow2/18016/99/359/1190/БайзаковаКуралайИртысовна/2014/2>
8. Казахстан и ЕС активно наращивают сотрудничество // 5 қазан 2014 <http://m.zakon.kz/4657807-kazakhstan-i-es-aktivno-narashhivajut.html>

УДК 327 (061.1ЕС:5)

РЕАКЦИЯ ЕВРОПЕЙСКОГО СОЮЗА НА ПОЛИТИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В АРАБСКОМ МИРЕ

Хаирова Алия Галымовна

Ali_h@list.ru

магистрант 2 курса кафедры Регионоведения Факультета международных отношений
ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – д.п.н, профессор С.Б. Кожирова

Прошли двадцать два года после мирных революций в Восточной Европе, сменивших коммунистические режимы в этих странах и окончания холодной войны, как те же процессы начали развиваться в Арабском мире. Последствия революций в странах Южного Средиземноморья и на Аравийском полуострове по свержению авторитарных режимом, произошедших в конце 2010-2011 гг., будут ощущаться еще много лет.

По мнению большинства западных ученых, мы стали свидетелями конца так называемого «арабского исключения», когда идея демократии является невозможной и не привлекательной в этих странах. Западные державы, закрыв глаза на пренебрежение к людям, нарушения прав человека и свободе слова, сотрудничали с диктаторскими режимами в этих странах во имя достижения экономических целей. Сотрудничество было основано на национальных интересах стран, в том числе стабильности в регионе, обеспечения энергетической безопасности и т.д. Но стоит обратить внимание на то, что в этих странах подросла светская и образованная молодежь, которая мечтает о соблюдении прав человека и верховенстве закона, они и возглавили демонстрации против коррупции и беззакония. По мнению экспертов, это обеспечивает реальную возможность для установления демократии в данном регионе, хотя это считалось невозможным до революций. Возможно, впервые в истории цели Европейской Политики Добрососедства и в частности Барселонского процесса, такие как распространение демократии, стабильность и процветание этих стран, могут иметь успех [1].

Демонстрации и революции, прошедшие в Арабском мире в конце 2010 и в течение 2011 года были направлены на свержение многолетних диктаторских режимов. Данные события в средствах массовой информации были названы «Арабской весной» и стали угрожать политике Евросоюза в регионе, которая уже более или менее сформировалась к этому времени. События, начавшиеся в Тунисе и затем распространившиеся по всему Южному Средиземноморью, явились своеобразным испытанием для новых только сформировавшихся институтов внешней политики ЕС, еще не начавших полномасштабную работу, таких как Европейская служба внешнеполитической деятельности [2, стр.107].

Европейский Союз, как и все мировое сообщество, не был готов к стремительному развитию событий в Южном Средиземноморье. Массовые демонстрации и выступления в Тунисе не вызвали никакой реакции со стороны Евросоюза, это было связано с выжидательной позицией в данном вопросе. Действия последовали после побега президента страны Бен Али, ЕС признал новое правительство, сформировавшееся 17 января, и уверил в